1) рациональное использование природных ресурсов, переработка сырья и продукции;

- 2) энергетика и машиностроение;
- 3) информационные и телекоммуникационные технологии;
- 4) науки о жизни;
- 5) интеллектуальный потенциал страны.

Выше названные приоритеты развития науки одобрены Высшей научно-технической комиссией на 2014–2016 годы.

Общая численность работников, выполнявших научные исследования и разработки в Казахстане в 2013 г., составляла 23712 человек. Из них специалисты-исследователи составили 17,2 тыс. чел. (72,6%); технический персонал – 3,6 тыс. чел. (15,2%); прочие работники – 2,9 тыс. чел. (12,2%).

В 2013 г. значительно возросла доля работников, выполнявших научные исследования и разработки в вузах. Общее число их составило в 2013 г. 11828 чел. (49,9%), из них количество специалистов-исследователей - 9208 (77,8%), которое в 2012 году составляло 38,5%. В 2013 г. в Казахстане насчитывалась 341 научная организация, выполнявшая НИОКР. За 2000-2013 гг. их количество увеличилось на 84 ед., или 32,7%, а 67,7% всех организаций науки составляли НИИ, 24,6% - вузы.

В Нацдокладе 2013 года проведен обзор и анализ тенденции развития науки в мире и Казахстане по отраслям наук всех пяти приоритетов.

К примеру: Исследования в области энергетики

Цепочка взаимосвязанных технологии в различных отраслях энергетики включает в себя сотни составляющих, которые открывают новые возможности для рынка *возобновляемых источников энергии*. Наиболее привлекательным сегментом для европейских компаний по-прежнему является ветроэнергетика. Солнечная энергетика все еще остается перспективной, однако Китай постепенно вытесняет с этого рынка европейских игроков. Компании химической и сырьевой промышленности активно внедряют новые технологические решения, стремясь получить контроль над всей цепочкой ценообразования на перспективных растущих рынках энергетики. Малая энергетика, производство энергии из возобновляемых источников в непосредственной близости от мест ее потребления, сейчас и в дальнейшем будет одним из главных трендов. Таким же образом проанализированы и определены тенденции их развития и других рассмотренных отраслей науки всех пяти приоритетов.

Как показывает практика, в целях совершенствования Национального доклада по науке необходимо внести некоторые изменения и дополнения в «Правила подготовки Нацдоклада утвержденного Указом Президента».

Выпускаемые НАН РК с 1946 г. восемь научных журналов еще в шестидесятых и семидесятых годах прошлого столетия вместе с другими советскими журналами вошли в международный реестр высокорейтинговых научных журналов и до сих пор поставляются в крупные национальные библиотеки 73 зарубежных стран – США, Великобритании, Германии, Франции, Японии и др. Эти журналы выпускаются в соответствии с международными требованиями. В настоящее время принимаются меры для придания этим журналам международного рейтинга и включения в фонд Elsevier «Scopus». Резюме всех статей будут на английском языке, формы их изложения приведены в соответствие с международными стандартами.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 октября 2013 года № 679 трем работам присуждена Государственная премия в области науки и техники:

Цикл работ на тему: 1. «**К теории начально-краевых задач для дифференциальных уравнений**». Автор – академик НАН РК Кальменов Т. Ш. 2. «**Развитие высокотехнологичных инновационных методов лечения нейрохирургической патологии в Республике Казахстан**». Руководитель – член-корреспондент НАН РК Акшулаков С. К. 3. «**Атласное картографирование Республики Казахстан**». Авторы – член-корреспондент НАН РК Медеу А. Р., академик НАН РК Бейсенова А.С., и др.

Сегодня средний возраст наших академиков составляет 75 лет, члена-корреспондента - 55 лет, а общий средний возраст - составляет 65 лет. После встречи с Главой Государства было принято решения Управления делами Президента РК о бесплатном медицинском обслуживании членов-корреспондентов НАН РК наравне с академиками НАН РК в Центральной клинической больницы Медицинского центра Управления делами Президента. Такое право дано только членам нашей Национальной академии наук, это уважительное отношение и проявление настоящей заботы к ведущим ученым страны.

В заключительной части хотел бы остановиться на некоторых выводах и предложениях для дальнейшего развития национальной научной системы:

В настоящее время в соответствии со «Стратегией «Казахстан-2050» определены следующие основные векторы развития науки республики:

- синхронизация науки с инновационным развитием экономики для реализации поставленных задач по инновационной индустриализации и созданию наукоемкой экономики страны;
- повышение конкурентоспособности кадрового потенциала для повышения результативности научных исследований;

– модернизация и дальнейшее развитие инфраструктуры науки, которая предусматривает развитие сети исследовательских университетов, образованных путем интеграции академических научно-исследовательских институтов (далее – НИИ) с крупными вузами;

– совершенствование механизмов финансирования и поддержки научной деятельности с целью создания венчурного развития науки, защиты интеллектуальной собственности, поддержки исследований и инноваций, а также коммерциализации научных разработок.

Важным стратегическим направлением развития науки является усиление взаимосвязи науки с реальным сектором экономики. Необходимо создать проектные и конструкторские институты или отделы при НИИ и вузах, а также опытно-экспериментальные цеха при производственных предприятиях для широкомасштабного внедрения завершенных НИОКР в производство и надлежащим образом наладить целостную систему научного сопровождения действующих технологий промышленных предприятий.

В настоящее время подготовлено для реализации свыше 100 крупных научных программ по стратегически важным государственным задачам (по программно-целевому финансированию). Например, проект Центра наук о Земле, металлургии и обогащения по разработке технологии получения глинозема из низкокачественных железистых бокситов. Получаемый гидрогранатовый шлам пригоден для производства стройматериалов, может быть реализован при строительстве новых предприятий по переработке низкокачественных бокситов и модернизации действующего Павлодарского алюминиевого завода.

Учеными КазНТУ им. К.И. Сатпаева впервые в мире разработана технология восстановительной плавки стали, которая 4-хкратно сокращает выбросы газов в атмосферу, исключает потери металла, снижает себестоимость на 40-50% и повышает качество стали.

Карагандинским государственным техническим университетом разработана технология вакуумного ионно-плазменного напыления деталей, которая повышает износостойкость деталей в 4 раза, производительность обработки в 5 раз, ресурс работы оборудования в 6 раз.

Такие примеры актуальных инновационных проектов можно привести и в области химической технологии, биотехнологий, медицины, технической физики, прикладной математики, энергетики и в области общественных и гуманитарных наук (истории, археологии и др.).

Значительных научных успехов, признанных мировым сообществом, добились ученые Казахского национального университета им. аль-Фараби, который первым из казахстанских вузов вошел в число 300 лучших университетов мира по международному рейтингу QS. В Нацдокладе приведены аналогичные примеры научных достижений казахстанских ученых.

В рамках интеграции науки с образованием необходимо организовать реальное взаимодействие вузов и НИИ в подготовке научных кадров, проведении совместных научных исследований и др. В этой связи предлагается поэтапная интеграция НИИ и университетов. В МОН РК начата работа по созданию исследовательских университетов в области фундаментального, технического и аграрного направлений по примеру Назарбаев Университета. На статус исследовательского университета должны претендовать в первую очередь те вузы, у которых в составе имеются известные мировому сообществу крупные НИИ или интегрированные с ними консорциальными соглашениями. В настоящее время такими вузами являются Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстанско-Британский технический университет, Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева, Казахский национальный аграрный университет, Казахский агротехнический университет им С. Сейфуллина и др.

Несмотря на то, что ежегодно растет объем финансирования науки, доля затрат на научные исследования составляет всего 0,18% ВВП. Тогда как, по расчетам международных экспертов, для устойчивого развития государства необходимо, чтобы на финансирование науки выделялось от 1 до 3% ВВП. В ведущих зарубежных странах этот показатель составляет от 2 до 4% ВВП (Франция, Германия, Швеция, США, Япония и др.).

В настоящее время предусматриваются меры для стимулирования, поддержки и поощрения ученых республики. Так, размер Государственной премии в области науки и техники с 2014 года увеличен до 27,8 млн. тенге (вместо – 6 миллионов тенге). Также по поручению Главы государства Н. А. Назарбаева учреждается новая Государственная премия имени аль-Фараби за прорывные научные исследования и внедрение инноваций (семь премий по 18,6 млн. тенге), которая будет присуждаться уже с 2014 года.

В 2012-2013 годах на докторантуру (PhD) было выделено всего по 500 мест (в 2014 г. – 600 мест), из которых только половина достигает ученой степени. Так, со временем будет ощущаться нехватка докторов философии (PhD), что приведет к дефициту научных кадров для вузов и НИИ, где по нормативным требованиям острепенность должна составить не менее 50%. Поэтому необходимо в первоочередном порядке решить этот вопрос положительно и увеличить количество грантов в 2,5-3 раза.

Необходимо внедрить систему комплексной экспертизы научных проектов, предусматривающую основные элементы независимой экспертизы из международной практики. Глава государства в своих выступлениях всегда указывает, что при решении вопроса финансирования научных проектов и программ, решающим словом должны обладать члены Национальных научных советов. А на самом деле многое решается в Национальном центре государственной научно-технической экспертизы (НЦ ГНТЭ). Это неполное соответствие установке Главы государства. Например, НЦ ГНТЭ не должен иметь права отказать авторам и возвращать их проекты и программы назад. Это прерогатива только ННС. В случае спорных вопросов в ННС необходимо пригласить экспертов, представителей НЦ ГНТЭ и авторов научных работ. В НЦ ГНТЭ нет крупных ученых, поэтому надо их подчинить ННС, сделав его рабочим органом. Наиболее эффективным средством для объективного проведения конкурса научных проектов является дополнительная к государственному – общественная экспертиза. Проведение такой экспертизы целесообразно поручить на договорной основе Национальной академии наук РК, где сконцентрирован большой потенциал ведущих ученых страны по всем отраслям науки. Необходимо категорировать научные организации (НИИ, открытые лаборатории вузов и др.) с учетом их научного потенциала (остепененность научных кадров, эффективность научных исследований и их результаты, наличие собственных производственных (лабораторных) площадей и приборного парка, состоящего из современных электронных, прецизионных приборов и т.п.). Рекомендовать прямое участие научных организаций в конкурсах на научные гранты и программы без надстроечных управленческих организаций - холдингов, центров и др., которые должны содержаться за счет отчислений от входящих под управление научных институтов, а не от госбюджета. Целесообразно систематически проверять эффективность госбюджетных средств выделенных для внедрения завершенных НИОКР в производство. Базовое финансирование (БФ) необходимо сохранить только для НИИ, являющимся государственным или приравненным к государственным согласно закону РК «О науке». Необходимо учесть, что средства базового финансирования попадающие адресатам напрямую, не подвержены воздействиям коррупционного характера. Поэтому целесообразно расширить структуру БФ добавив к ним новые категории научных сотрудников и инженеров и увеличить в объеме.

Қадірменді әріптестер! Біздің бүгінгі сессиямыз бәріміздің Ата-бабаларымыз 1456-65 жылдары құрылған Қазақ хандығы, яғни Қазақ мемлекетінің бірінші күнінен бері аталып, тойланып келе жатырған қасиетті Құрбан-айт мерекесінің қарсаңына тура келіп тұр. Сондықтан баршаңызды осы мерекемен құттықтап, отбасыларыңызға амандық-саулық, бақ-береке тілеймін. Бұл сессия жұмысына біздің шақыруымызды қабыл алып келіп отырған ҚР Президентінің кеңесшісі, белгілі мемлекет қайраткері проф. Құл-Мұхамед Мұхтар Абрарұлына, осы қызметке келісімен ҰҒА-сына қамқорлық көрсетіп жүрген ҚР Білім және ғылым министрі Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлына ылтипаты үшін Сіздердің аттарыңыздан алғыс айтып, ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіздер. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДА
ӨТКЕН БАСҚОСУ

ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ҰЛАҒАТТЫ ӘНГІМЕ

Елбасының Ұлытау төріндегі ұлағатты сұхбаты қазақ қоғамында серпіліс туғызды. Қазақтың арғы-бергі тарихы, тілі, әдебиеті, мәдениеті, экономикасы мен болашағы жайлы айтқан Нұрсұлтан Әбішұлының келелі пікірлеріне еліміздің әр тарапындағы зиялы қауым өкілдері үн қосып, өз пікірлерін білдірді.

2014 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында Елбасының кеңесшісі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қатысуымен өткен басқосуда Ұлытау төрінде көтерілген басты мәселелер ғылыми тұрғыдан талданып, оның ел руханиятының дамуына қосатын айрықша үлесі туралы кеңінен сөз болды. Ұлттық ғылым академиясының жетекші академиктері мен корреспондент-мүшелерінің қатысуымен өткен сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі:

– Елбасымыз бұған дейін де Қазақстанның түрлі өңірінде болған сапарларында журналистерге сан алуан сұхбаттар беріп, сол өңірдің арғы-бергі тарихы мен болашақтағы дамуы жайлы талай мәрте келісті ойларын ортаға салған.

Осыдан бірнеше жыл бұрын киелі Түркістан жерінде зиялы қауымның басын қосып, қазақтың тарихы, тілі, руханияты жайлы тереңнен толғаған әңгіме өткізген еді. Әсіресе, дін мәселесіне, оның ішінде ислам дінінің ұлағатына қатысты әлі оңы мен солын танып үлгермеген жас ұрпаққа қарата ұлтымыздың ұлы басшысы ретінде тереңнен толғаған тағылымды пікірлерін ортаға салған болатын.

Жалпы, Елбасы – Қазақстанның ғана емес, бүкіл дүние жүзінің беталыс бағдарын, оның алда орын алуы әбден мүмкін қауіп-қатерлерін болжай білетін кеменгер қайраткер. Сөзім дәлелді болуы үшін оның осыдан 14 жыл бұрын, ХХІ ғасыр енді ғана басталғанда жарық көрген «Сындарлы он жыл» атты кітабында:

«Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, тіптен кейбір саясаткерлердің жұртшылық алдындағы мәлімдеулерінде жаңа мағына жамылған «исламдық қауіп-қатер» деп аталатын жаңа сөз жиі-жиі және үздіксіз қайталанатын болып жүр.

«Исламдық қауіп-қатер» деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-оңай болғанмен, үрейлі қанатының кеңге жайылып бара жатқаны соншалық, енді ислам тарапынан болатын мифтік қауіп-қатер туралы емес, исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттігін сөз ететін кез келді», деп жазғанын мысалға келтірейін. Елбасының дәл осы болжамы айна-қатесіз келді.

Тағы бір келелі сұхбатты еліміздің шығысында, бүкіл түркі жұртының қасиетті төрі саналатын қарт Алтайдың бауырында берген болатын. Онда Елбасымыз ғұн, сақ дәуірлерінен бастау алатын қазақ тарихы мен мәдениетіне, тіпті ежелгі сақ, скифтердің металл қорыту мен оны өңдеуге қатысты бұрын-соңды ғалымдар тарапынан тыс қалып келген ғылыми тұжырымдарын ортаға салған еді.

Еліміздің батысында болған сапарында киелі Маңғыстау жерінде Нұрсұлтан Әбішұлы кең көсіле сұхбат құрып, мұнайлы түбектің сан ғасырлық тарихы, әулие Бекет атаның тағылымы, Маңғыстау өңірінің өсіп-өркендеу перспективасы жайлы кесек-кесек ойлар айтқан.

Елбасының Астана мен Алматы төрінде отандық және шетелдік журналистерге берген, Қазақстанның барлық өңірлерімен байланысқа шығып, көзі қарақты оқырмандардың сауалдарына жауап қатқан келелі сұхбаттары әлі күнге дейін есімде. Тікелей эфир жағдайында өткен осындай бір сұхбат үш жарым сағатқа созылып, онда Нұрсұлтан Әбішұлы 50-ден астам сұраққа жауап берген болатын.

Мен мұның бәрін өз көзіммен көріп, тікелей куәгер болған соң айтып отырмын.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» деп Шәкәрім атамыз айтқандай, Ұлытау төріндегі әңгіме бұрынғы сұхбаттардан өзгереді болды. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Ұлытау – ешбір әсірелеусіз біздің арғы-бергі бабаларымызға құтты қоныс болған қасиетті мекен. Мұндай орындардың ерекше аурасы, қазақша айтқанда киесі болады. Тумысынан таза қазақша тәрбие алған Елбасымыз мұны айрықша сезеді. Ұлттық үшін киелі саналатын орындардың барлығын қадірлеп, зиярат студі ұмытқан емес. Міне, осындай киелі орындар адамға қанат бітіріп, оның ойына ерекше қозғау салады. Соны біреу түсініп, біреу ұғына алмауы мүмкін. Ұлттық тәрбиеге ұзынынан жарып өскен Елбасымыз – ерекше түйсігі бар адамдар ғана қабылдай алатын осындай жайларды елден ерек сезіне білетін айрықша жан. Ұлытау төріндегі сұхбат осындай жағдайда дүниеге келді деп ойлаймын.

Екіншіден, Елбасы – Ұлытау өңірін ерекше жақсы білетін адам. Оның жастық шағы, азамат болып қалыптасқан кезі Сарыарқа төрінде өтті. Дәл мағынасында Сарыарқаның шығысы Қарқаралы болса, батысы тура осы Ұлытау, ал екеуінің ортасында Қарағанды тұр. Қаныш Сәтбаев Қазақстанның металлогениясын жасағанда Ұлытау-Жезқазған өңірін Орталық Қазақстаннан ешқашан бөліп қарамаған. Қаныш Сәтбаев қазба байлықтардың кен орнын айқындайтын геолог болса, Нұрсұлтан Әбішұлы – сол кендерді қорытатын металлург. Сондықтан Сәтбаев еңбектерін бүге-шігесіне дейін білетін Елбасы – Ұлытаудың қасиетін ғана емес, қазынасын да жақсы білетін адам.

Үшіншіден, Елбасымыз Қазақстанның жаңа елордасын таңдау барысында Ұлытаудың да бар мүмкіндігін саралап шықты. Басқа біреу болса, «аудан орталығы қалай елорда болуы мүмкін» деп, бірден-ақ Ұлытаудың кандидатурасын ысырып тастар еді. Елбасы қазақ үшін ерекше киелі өңірдің бар мүмкіндігін таразыға салып, әбден зерттеген, тіпті оны соңғы турға дейін алып келген.

Төртіншіден, Елбасымыздың мен білетін кейінгі 20 жыл ішіндегі сұхбаттарында Қазақстанның өз ішіндегі коммуникация мәселесіне айрықша мән беріп келді. Кешегі Кеңес Одағының қордаланып қалған мың сан мәселелері орайымен шешілгеннен кейін Елбасымыз Ұлытауды Қазақстанның барлық тарапымен бірдей байланыстыратын теміржол салуды қолға алды. Көп жылдар бойы жүрек төрінде сақтап келген ойының жүзеге асуымен тұспа-тұс келген сапарда Нұрсұлтан Әбішұлы төгілте сұхбат берді және оның бұрынғы сұхбаттардан өзгереді болуының сыры осында деп білемін.

Ұлытау төріндегі әңгіме **ата тарихынан** басталды. Осында отырған көпшілігіңіз Нұрсұлтан Әбішұлымен түрлі жағдайда сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болдыңыздар. Мен айтпасам да, Елбасымыздың тарихтың асқан білгірі екенін жақсы білесіздер. Мемлекет басшысы осы жолы «Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек» деп, бар қазаққа ой салатын, керек десеңіз парыз саналатын үлкен мәселені алға тартты.

Шындығында, Елбасымыз 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялап, қазақ тарихының Кеңес Одағы кезінде зерттеуге тыйым салынған талай «ақтаңдақ» беттерін танып-білуге зор мүмкіндік жасады.

Бұл іске өзі де білек сыбана кірісіп, 1999 жылы «Тарих толқынында» атты кітабын жариялап, ұлт тарихының келелі мәселелері бойынша өз пікірін ортаға салды.

Елбасымыз өзінің 2003 жылғы Жолдауында «Мәдени мұра» атты бірегей мемлекеттік бағдарлама жасауға тапсырма берді. Шынтуайтқа келгенде, бұл қазақ ғалымдары үшін бұған дейін жабық болып келген Қытай, Иран, Түркия, Еуропа және Араб елдері архивтеріндегі қазақтың тарихын, жоғын түгендеуге арналған бағдарлама болатын. Соның нәтижесінде мыңдаған тарихи құжат Қазақстанға оралып, жүздеген ғылыми-зерттеу еңбектері жарияланды.

Ғылымда пікірталас болып тұрады. Дегенмен, ата тарихын кезеңдеуге байланысты Елбасы ұсынған «Ғұн дәуірі, Көк түрік кезеңі, Алтын Орда заманы, Қазақ хандығы тарихы» атты дәуірлерді тарихымызды зерттеймін деген әрбір ғалым басшылыққа алуға тиіс.

Елбасының тарихи тұлғаларды ардақтауға арналған еңбектері ұшан-теңіз. Егемендіктің алғашқы жылдарында Алматы төрінде Абылай ханның, Ақтөбеге Әбілқайыр ханның, Елордада алғашқы Президент Әкімшілігі болған ғимараттың тура алдына Керей мен Жәнібектің ескерткішін орнатты.

Қазақ хандары мен батырларына облыс және аудан орталықтарында орнатылған еңселі ескерткіштер өз алдына бір төбе. Тәуелсіздік жылдары Елбасы тарапынан тарихымыздың айтулы тұлғалары түгелдей дерлік ұлықталып, олардың есімін ел есінде мәңгі қалдыру үшін жасалуға тиіс шаралардың бәрі атқарылды.

Ал біздер, тарихшылар, ең болмағанда Қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібекке немесе ұлт тарихының ұстыны болған Қасқа жолды Қасымға, Еңсегей бойлы ер Есімге, тіпті есімі ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жеткен әз Тәукеге арналған бірде-бір толымды монография жариялай алмадық. Тіпті, 1995 жылы басталған бес томдық «Қазақстан тарихын» он бес жылға созып, әрең аяқтадық. Сондықтан тарихшылар қауымы алдағы уақытта қажет болған барлық жағдайды жасап отырған Елбасы сенімін, ел үмітін ақтап, жастарды ата тарихын ардақтауға, елін, жерін сүюге шақыратын толымды шығармалар тудырады деп сенемін.

Ұлытау төрінде қозғалған екінші үлкен тақырып – **тіл мәселесі**. Бұл – Қазақстан сияқты көп ұлтты мемлекет үшін ұстараның жүзіндей қылпып тұрған тақырып.

Бұған келгенде де Елбасына өкпе айтудың өзі қиын. Мен еңбек жолымда өздеріңіз авторы болып табылатын Қазақ энциклопедиясынан бастап, кандидаттық диссертациямды «Орыс энциклопедиясындағы қазақ тақырыбынан» қорғаған адам ретінде көбінесе энциклопедиялық басылымға жүгінемін. Мәселен, Кеңес Одағы кезінде, 1985 жылы жарық көрген «Демографиялық энциклопедиялық сөздікте» 1979 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда тұратын қазақтардың пайыздық үлесі небәрі 36 пайыз, орыстардікі 40,8 деп көрсетілген. Егер дәл осы деректі өңірлер бойынша алатын болсақ, еліміздің солтүстігі мен шығысындағы кейбір аудандар мен қалалардағы қазақтың үлес салмағы 5 пайыздан да аспайтын. Міне, соны Елбасымыз өз сұхбатында: «*Кеңес Одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілді*» деп, кеңес заманының сұрқай шындығын батыл түрде ашықтан-ашық айтып салды.

Кеңес Одағы кезінде өз республикасында отырып, азшылыққа айналған ұлт тек қазақтар болды. Еліміз тәуелсіздік алғанда Елбасына ұлт мәселесінде, түптеп келгенде тіл саясатында осындай «гордый түйінінен» де қиын мұра қалды.

Қазір мен тәуелсіздік тарихына қатысты архивтік құжаттарды қарау үстіндемін. Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғаннан кейін іле-шала, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 1989 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған «Тілдер туралы» заңында қазақ тіліне жеке дара «мемлекеттік тіл» мәртебесі беріліп, орыс тіліне «ұлтаралық қатынас тілі» құзыреті бұйырды. Елбасымыз Қазақстанның бұдан кейінгі кезеңінде орыс тілді саяси күштердің қаншама талап ету, күш көрсету, қоқан-лоққы жасауларына қарамастан өзінің ана тілі, баба тілі, қазақтың мемлекеттік тілін барлық қауіп-қатерден қорғап шықты. Тіл үйренуге керекті көптеген оқулықтар, әдістемелік кітаптар, сөздіктер, тілашарлар шығарылды. Қазақ мектептерінің саны 2 есе артты, қазақ тілінде басылымдар, телеарналар саны көбейді. Нәтижесінде, сіздер мен біздер сұхбат құрып отырған кезде, **қазақтың саны 65 пайыздан асты**. Айтыңыздаршы, осыдан кейін Елбасына қандай өкпе болуы мүмкін? Өз Отанында айқын басымдылықпен көпшілікке айналған қазақтар ендігі жерде Елбасымыз айтқандай, «бір-бірімен қазақша сөйлесе», балалары мен немерелерін қазақ мектебі мен қазақ балабақшасына берсе олардың қолын кім қағады екен? Осы орайда, қазақ тілі туралы биік мінбелерден қызу-қызу сөз сөйлейтін ұлттың бетке ұстар зиялы азаматтарының балалары мен немерелерінің әлі күнге дейін орыс мектебіне баратынын өкінішпен айтуға мәжбүрмін.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Елбасы жастарымызға үнемі әлем халқының басым көпшілігі еркін меңгерген халықаралық қатынас тілі – ағылшын тілін үйренуге ақыл-кеңес берумен келеді. Өзі де барша қазақтарға үлгі болсын деп ағылшын тілін үйренді. Кез келген әріптесімен ешбір аудармашысыз ағылшын тілінде еркін сөйлесе алады. Сондықтан Елбасының «қазақ жастары жаппай ағылшын тілін үйренуі керек» дегенін ұлтқа деген қамқорлыққа толы үлкен жүректен шыққан сөз деп білуіміз керек. Осы заманғы ғылымда, техникада, медицинада ағылшын тілін білмей табысқа жетемін деу бос әурешілік. Ендеше, Нұрсұлтан Әбішұлының бұл пікірі де барша қазақтың қолдауына әбден лайық деп білемін. Бұл істе сіздер, ғалымдар, қоғамға үлгі-өнеге болуларыңыз керек.

Тіл мәселесі бойынша әңгімені тұжырымдап айтар болсақ, Елбасы өз тарапынан жасалуға тиіс нәрсенің бәрін істеді. Енді біз бүкіл ұлт болып ұйып, ана тіліміздің көсегесін бірге көгертуге ұмтылуымыз керек.

Ұлытау төріндегі сұхбатта **дін мәселесіне** айрықша көңіл бөлінді. Ешбір маймөңкелетпей, турасын айтсақ, Кеңес Одағы дінсіз мемлекет болды. Мектептерде жаппай атеистік тәрбие берілді, жоғары оқу орындарының студенттері міндетті түрде «ғылыми атеизмнен» емтихан тапсыратын. Қазақстанда жоғары білімді теологтар болмады. Сондықтан еліміз тәуелсіздік алып, халық жаппай дінге бас қойғанда ел ішінде «анқау елге арамза молда» болғандар көбейді. Кейін олардың орнын жат елдерде, өзге діни дәстүрде білім алған радикалды ұстанымдағылар басты. Діни еркіндікті пайдаланып, олар жастарды өз қатарына тарта бастады. Осындай теріс пиғылды дінбұзарлардың арандатуына түскен қазақ жастарының кейбірі, ашығын айтқанда, әлемдік деңгейде террористік ұйымдар ретінде танылған лаңкестер қатарынан бір-ақ шықты. Жастарымыздың ата жолынан адаспауы үшін Ұлытау төрінде Елбасымыз ислам діні, оның қазақ руханиятындағы өзгеше орны жайлы ағынан жарыла сөйледі.

Нұрсұлтан Әбішұлы – ислам дінінің тарихын да, қағидаларын да жақсы білетін, «Құранды» түрлі тәпсірлерімен (түсіндірмелері) тереңінен меңгерген адам. Елбасының түп нағашысы, яғни анасы Әлжанның әкесі үлкен дәмолла болған. Сондықтан әуелі әжесі Мырзабала, кейін ата-анасы оған бала кезінен «басыма келгенде оқырсың» деп, Құранның «Фатиха» және «Ықылас» сүрелерін жаттатқызыған. Былайғы жұрт көзіне жария ете бермейтіні болмаса, ата-бабаларының басына келгенде, ораза, құрбан айттарда осы сүрелерді бір сөзінен де жаңылмастан қирағаттап оқып шыққанына талай куә болдым.

Жалпы, Елбасымыз – мұсылмандық парызын молынан орындап, бірнеше рет қажылықта болған, тіпті қасиетті Қағбаның ішіне дейін кіру бақытына ие болған, мұсылман мемлекеттерінің басшылары ерекше сыйлайтын ізгі тұлға.

Ұлытаудағы сұхбатта Елбасы дін тарихы, ислам дінінің қазіргі қазақ қоғамындағы орны, діни мәзһабтар, қасиетті «Құранның» ізгі қағидадары жайлы жан тебіренерлік сөздер айтты.

Аллаға мың шүкір, асыл дініміз халқымызға қайтып оралды. Жан дүниемізді, жүрегімізді тазартты. Соны қайдағы бір басбұзарлар лайлағысы келеді. Елбасы осылардан жастар жағы қашық болсын дейді.

Қазақстанның барлық үлкенді-кішілі елді мекендерінде мешіттер салынды. Астанаға салынатын «Нұр-Астана» мешітінің орнын кезінде қаланың тура кіреберісінен өзі таңдап, «Елордаға кірген әрбір жан бұл қай елдің астанасы екенін бірден көрсін» деген сөздерді айтқаны әлі күнге дейін есімде. «Әзірет Сұлтан» мешітіне орын таңдалғанда: «Астананың бас алаңы «Қазақ елі» монументі орналасқан дәл осы алаң болады. Әскери парад, мерекелік шерулер де осы алаңда өтеді. Дәл осы жерден бүкіл дүниежүзіне хабар тарайды. Ендеше, бас мешіт дәл осы алаңда орналасуға тиіс», – деп жаңа бәйтолланың іргетасын өзі қалаған болатын.

Ұлытауда толғанған тағы бір тақырып – теміржол мәселесі. Ол – ешбір әсірелеусіз айтсақ, экономиканың күретамыры. Әсіресе, Қазақстан сияқты әлемдік мұхитқа шығар жолы жоқ, Еуразия сияқты апайтөс алып құрлықтың дәл ортасында орналасқан мемлекет үшін.

Нұрсұлтан Әбішұлы республика экономикасын бес саусағындай білетін адам. Өңірлерге сапарға шыққанда, өзі біліп тұрса да, жаңадан тағайындалған әкімдерді сынау үшін облыс экономикасының даму болашағы, ішкі мүмкіндігі мен әлеуеті жайлы әдейі сұрақ қоятын кездері болады. Біліп жатса, риза болып, білмегендеріне әр проблеманы тайға таңба басқандай етіп көрсетіп, ақыл-кеңесін беретін. Сонда Елбасыны ең көп толғандыратын мәселе Қазақстанның өз ішін бір-бірімен байланыстыратын дәл осы теміржол қатынасы еді.

Шындығында, Кеңес Одағы Қазақстан байлығын Ресейге тасу үшін теміржол атаулыны сол бағытқа қарай салды. Нәтижесінде жұртқа Қазақстанның бір өңірінен теміржол арқылы екіншісіне келу үшін Ресей жеріне барып, екі рет қатарынан кедендік бақылаудан өтуге тура келетін. Осы келеңсіздіктің орнын толтыру үшін ұзындығы 404 шақырымдық «Хромтау – Алтынсарин» жолы төселді, бұдан кейін ұзындығы 187 шақырымдық «Ақсу – Дегелең» теміржолы салынды. Шар стансасынан Семейге соқпай, тура Өскеменге бастайтын «Шар – Өскемен» 150 шақырымдық жолы пайдалануға берілді. Жетісу арқылы Қазақстанды Қытаймен жалғастыратын 293 шақырымдық «Жетіген – Қорғас» теміржолы төселді. Биыл Өзен қаласынан Түрікменстан шекарасына дейінгі аралықта 146 шақырымдық «Өзен – Берекет» жолы түсті. Қазір түрікмен ағайын бұл жолды Иранға дейін жеткізді. Жолдың ирандық бөлігі аяқталғанда Қазақстанның болат жолдары Қытай арқылы Тынық мұхитқа, түрікмен жері арқылы Парсы шығанағына, әрі қарай Үнді мұхитына, Ресей жеріне қарай тартылған жолдар арқылы Еуропаға, одан әрі Атлант мұхиты жағасына дейін жетеді. Ал мұның бәрі – қазақтардың бүгінгі ғана емес, болашақтағы буыны үшін молынан жетіп-артылатын нағыз нұрлы, баға жетпейтін қисапсыз мол қазына әкелетін жол.

Осы жұмыстардың барлығы атқарылған соң Елбасы 1036 шақырымдық «Жезқазған – Бейнеу» теміржолына кірісті. Бұл идеяны Елбасы тоқсаныншы жылдары-ақ айтқан. Онда жобаны жүзеге асыруға елдің әлеуеті жетіңкіремеді. Қаражатты қысқарту үшін жолды Бейнеуден тікелей Аралды екіге бөліп жатқан Кекарал плотинасы арқылы салу жөнінде ақылға мүлде сыймайтын «үнемшіл» нұсқа да ұсынылғанын білемін. Кейін жолды әлеуеті күшті, халқы көп Шалқар арқылы салуға басымдық берілген. Қызылорда облысының әкімі болып қызмет атқарған кезде дәл осы жолды Арал өңіріне қан жүгірту үшін сол ауданның ең теріскейінде орналасқан Сексеуіл стансасы арқылы тартуға біз де ұсыныс жасаған болатынбыз. Қашанда бар қазақтың қамын бірдей ойлап, таразы басын тең ұстайтын Елбасы «Жолдың Бейнеуден басталар тұсы Қызылорда облысының Сексеуіл стансасына, ал Жезқазғаннан бастау алар жолы Ақтөбенің Шалқарына тоғыссын» деген шешім шығарған. Ұлытау төрінде сұхбат болған күні осы жолдың соңғы қазығы қағылды. Бұл қарқынды даму жолына түскен Қарағанды, Ақтөбе, Қызылорда және Маңғыстау сияқты төрт облыстың экономикасының дамуына серпіліс әкелетін болады. Қазақстанның төрт тарабы бірдей болат жолмен байланысады. Бұл Елбасының Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы кезінен ойға алған, жүрек төрінде сақтаған ізгі арманы еді. Сол арман Ұлытау төрінде жүзеге асты. Бұл Елбасының жүрегін айрықша қуанышқа бөледі. Қуаныш ағынан жарылған көл-көсір сұхбатқа ұласты.

Кейбір күпті көңілмен қиғаш сұрақ қоюшылар: «Теміржол салғанда тұрған не бар екен?» деуі де мүмкін. «Бар болғанда қандай!» дейміз біз. КСРО кезінде он бес одақтас республика (қазіргі 15 тәуелсіз мемлекет) жабыла жүріп, кеңес заманындағы ең қымбат жоба – әйгілі «Байкал – Амур магистралін» (БАМ) салды. Кеңес Одағы оны салуға 1938 жылы-ақ кіріссе де, әуірімдеп жүріп 1989 жылы әрең аяқтаған (басым бөлігі өткен ғасырдың 70-80 жылдары төселді). Қазір Ресей тағы да миллиардтаған қаржы бөліп, оны қайта жөндеуге кірісті. Ғасырға созылған БАМ-ның ұзындығы – 4287 шақырым.

Ал Жезқазған – Бейнеу жолы аяқталған соң Қазақстанда тек тәуелсіздік жылдары салынған теміржолдың жалпы ұзындығы 2430 шақырымға жетті. Ал Жезқазған – Бейнеу теміржолы екі-ақ жылда салынды. Ешбір даңғыра, дақпыртсыз іске асу үстінде. Тәуелсіздігін осыдан небәрі 22 жыл бұрын ғана алған жас қазақ мемлекетінің өз күшімен салынуда. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін елдердің бәрін қосып есептегенде, бәрі жиылып дәл осындай көлемде теміржол құрылысын салмаған екен. Міне, бұл – Қазақ елінің нағыз өскендігінің, өркендегенінің, өз күші мен қуатына, әлеуетіне нық сенгендігінің көрсеткіші. Бұл – қашанда сабырмен қимылдайтын көреген Елбасының ақылмандығының арқасында жүзеге асып жатқан

жоба. Бүгінгі басқосуда әйгілі экономист ғалымдар отыр. Сіздер осыны жеріне жеткізе талдап, оның халқымызға тигізер көл-көсір пайдасын зерделейді деп білемін.

Міне, Ұлытау төріндегі ұлық сұхбаттың сыры осындай, ағайын. Соны халыққа түсіндіретін, жастарға жеткізетін, санаға сіңдіретін осында отырған ғылыми зиялы қауым – сіздерсіздер. Бүгінгі әңгіме осы төңіректе өрбиді деп ойлаймын.



Мұрат ЖҰРЫНОВ,

Ұлттық ғылым академиясының президенті, ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор:

– Құрметті әріптестер! Ұлттық ғылым академиясының кешегі өткен сессиясы да, бүгінгі басқосу да Елбасының Ұлытау төріндегі ұлағатты сұхбатынан туындап отыр.

Елбасымыз – ел дамуының ең күрделі кезеңінде бүгінгі ғана емес, болашақты да анық болжайтын кемел стратег, кемеңгер тұлға ретінде үнемі кеңінен ойластырылған шешімдер қабылдап келеді. Посткеңестік кеңістікте ғана емес, әлем экономикасын дағдарыс жайлаған сонау 1997 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы бүкіл қазақ елін нұрлы жолға бастаған «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық құжат қабылдады.

Кезінде дәл осы стратегияның орындалуына күмәнмен қараушылар аз болған жоқ. Қазақ қоғамы мен еліміздің экономикалық күш-қуатының ішкі мүмкіндігіне сай жан-жақты ойластырылған бұл стратегиядағы мақсаттардың басым бөлігі мерзімінен бұрын орындалды. Қазір Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропа қайта құру және даму банкі сарапшыларының бірауыздан мойындауы бойынша, Қазақстан өз экономикасын реформалауда посткеңестік елдердің ғана емес, бүкіл Шығыс Еуропа елдерінің алдына шықты. Қазақстанның Елбасы таңдаған саяси жүйесі де, экономикалық моделі де, әлеуметтік реформасы да уақыт сынынан сүрінбей өтіп, елімізді дамудың даңғыл жолына шығарды. Міне, осындай сындарлы сәтте қашанда алысты болжайтын көреген Елбасымыз «Қазақстан – 2050» атты жаңа стратегиялық бағдарламаны ұсынды. Шынын айтар болсақ, біздер, ғалымдар осы сан салалы стратегияның барлық сипаты мен сырына әлі терең бойлай алмай отырмыз. Қазақстанды әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосатын бұл құжат болашақта талай ғылыми-зерттеуге арқау болатыны анық.

Ұлытау төріндегі сұхбат Елбасымыздың дәл осы стратегиялық бағдарламасынан бастау алады. Нұрсұлтан Әбішұлының ешуақытта сөзі мен ісінің арасында алшақтық болған емес. Байыптап зерделесек, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында көрсетілген мақсаттар мен міндеттер рет-ретімен жүзеге аса бастады.

Елбасымыз – өз заманынан озық туған тұлға. Кезінде Ұлттық академияның статусы өзгергенде ғылыми зиялы қауым арасында біраз түсінбеушілік болғаны рас. Қазір бұл шешімнің дер кезінде жасалғанын өмірдің өзі дәлелдеп берді.

Ғылым академиясының мақсаты – ғылымды дамыту. Ғылым батыс елдерінде аса үлкен зерттеулер, университеттер аясында жүзеге асады. Біз де соған келдік. Қазір Ұлттық ғылым академиясының физика, математика және информатика саласы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті негізінде, аграрлық ғылымдар – Қазақ ұлттық аграрлық университетінде, жер туралы ғылымдар – Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде, қоғамдық ғылымдар – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті аясында дамуда. Бұлардың бәріне Елбасы Жарлығымен ұлттық мәртебе берілген. Олар – жыл сайын мемлекеттік бюджеттен мол қаражат бөлінетін іргелі университеттер. Нәтижесінде ғылым да дамуда, жоғары оқу орны болған соң ғылымға келетін жастар да көбеюде. Шетелдердің жетекші университеттерімен байланыстардың өркендеуі арқылы Қазақстан ғылымы бүкіләлемдік ғылыми кеңістікке бағыл интеграциялану үстінде.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясынан туындайтын Ұлытау төріндегі сұхбат ең алдымен біздің қоғамдық ғылым саласына – тарих, философия, тіл және әдебиет, мәдениеттану және теология мамандарына тың міндеттер жүктеп, жаңа зерттеулерге бағыт-бағдар сілтейді.

Ұлытау төрінде отандық экономиканың сан алуан саласы – геология, геодезия, металлургия, энергетика, коммуникацияның өзекті мәселелері қозғалды. Ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ, бұлардың бәрі бір-бірімен сабақтас салалар. Олардың дамуы бүкіл ел экономикасының дамуына аса зор мультипликациялық әсер беретін болады.

Мен де Орталық Қазақстанда ұзақ жылдар қызмет істеген адаммын. «Жезқазған – Бейнеу» теміржолын салу кешегі Кеңес Одағының қолынан келмеді. Өйткені, теміржол салу – машақаты мол жұмыс. Оның бойында толып жатқан көпір, құбыр, электр желісі, разъездер мен стансалар, әлеуметтік нысандар салынады. Бұл – Қазақстан үшін ғана емес, біздің шығыс пен батыстағы, оңтүстік пен солтүстігіміздегі көршілеріміз үшін де маңызы бар жоба.

Теміржол, коммуникация экономиканы өрге тартады. Осыдан 15 жыл шамасы бұрын Елбасымыз Қазақстан экономикасын кластерлік жүйе бойынша дамытуды ұсынды. Жалпы «кластер» ұғымы химия, физика, астрономия, математика, тіпті, компьютерлік техника саласында жиі қолданатын түсінік. Елбасы Қазақстанды әр өңірдің экономикалық өзгешелігіне сай жүйелеп дамытуды ұсынды. Нәтижесінде солтүстіктегі астықты облыстар тек бидайды экспортқа шығарумен шектелмей ұн, нан өнімдері, макарон, т.б. өндіре бастады. Өз қаражатымен шетелдерден, мәселен, Түркиядан инвестиция келді. Шығыс Қазақстанда түсті және сирек кездесетін металдарға қатысты кластер қабылдаса, еліміздің батысында мұнай өнімдерін өндейтін жаңа зауыттар салынып, іске қосылуда. Кеше ғана Ұлттық ғылым академиясында Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өсіру мен соған қатысты мақта-мата, тоқыма кластерін дамытуға арналған баяндаманы талқылады.

Қазір Елбасымыз Қазақстан кәсіпорындарын әлемдік деңгейге шығаруды алға қойып отыр. Ол үшін мемлекеттен мол қаражат бөлінуде. Бұл іске шетелдік инвесторлар кеңінен тартылуда.

Біз ашық қоғамда өмір сүрудеміз. Қазір еліміз Нұрсұлтан Әбішұлының аса зор халықаралық беделінің арқасында барлық көршілермен шекарасын бекітіп, делимитация, демаркациясын жасап қойды. Оны халықаралық құжаттар арқылы мықтап бекітті. Нарықтық экономиканы дамытып, әлдеқашан-ақ үйренуші елден үйретуші елге айналды. Қазір әлемнің көптеген дамушы елдері «қазақстандық экономикалық феноменнен» үйрену үстінде.

Егер Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы саяси беделінің аса зор екендігін көрсетіп берсе, ЭКСПО-2017 еліміздің экономикалық кемелдігін бүкіл дүниежүзіне танытпақ. Қазақстандық ғалымдар аса зор тарихи мәні бар осы оқиғаға дайын тұруы керек. Күн энергетикасынан қуат алу, жел энергиясын пайдалану, бүкіл әлем үшін ерекше мәнге ие болып отырған «жасыл экономикаға» көшу сияқты мәселелер біздің алдағы жылдардағы ғылыми-зерттеулеріміздің басты тақырыбы болуға тиіс.

Нұрсұлтан Әбішұлы қазір бүкіл дүние жүзі мойындаған, жаһандық деңгейдегі кемел қайраткерге айналды. Ол Қазақстанды әлемге танытты. Елбасымыздың беделі арқасында Қазақстанға миллиардтаған инвестиция, сонымен бірге, инновациялық технология келуде. Ендеше біздер, қазақстандық ғалымдар осындай мол мүмкіндікті кеңінен пайдаланып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті жаңа ғылыми-зерттеулерге жол ашуымыз керек.

Серік ҚИРАБАЕВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Елбасымыз – қазақтың бақыты үшін туған азамат. Нұрсұлтан Әбішұлы өз резиденциясын Ақордаға көшіргеннен кейін мен Президенттің қабылдауында болдым. Әуелі Ақорданы асықпай аралап шықтым. Іші-сырты бірдей келістіріле салынған ғимарат екен. Ерекше риза болдым. Менің алдымда Елбасы қабылдауында В.С.Черномырдин болды. Одан кейін іле-шала мен кірдім. Ақордадан алған әсерімді жеткізіп, құтты болсын айттым. Нұрсұлтан Әбішұлы:

– Жаңа сіздің алдыңызда болған Виктор Степановичке «Бізді үш ғасыр бодандықта ұстағанда, ең болмағанда, осындай бір сарай салып бермедіңдер. Ағылшындар, испандар мен португалдардың отар елдерінде тұрғызған сарайлары әлі күнге дейін жайнап тұр. Ал сендер бар байлықты өздерің тонап, бар сарайды өздеріңде салдыңдар», дедім. Тәуелсіздігіміздің арқасында осындай сарай салатын дәрежеге жеттік. Құдай бұйыртып, ел игілігі үшін талай тамаша ғимараттар салатын боламыз, – деген еді.

Шындығында, патшалық Ресей кезінде де, кешегі Кеңес Одағы тұсында да Қазақстанның байлығы ашықтан-ашық тоналды ғой. Тіпті, елдің өз ішін бір-бірімен байланыстыратын теміржол да салынбады. Салынғандарының өзі зор мұхатпен жүзеге асты. Мәселен, «Мойынты – Шу» теміржолын салғанда су ішетін құдық та табылмай, көшіп-қонған қазақтардың ескі құдықтарын пайдаланыпты. Осыны кезінде Нұртас Оңдасынов марқұм айтып еді.

Ұлытау маған да алыс емес. Бүкіл тарихы көз алдымда. Теміржолдың жоқтығы елді ерекше қинайтын.

Мен өзім сол аймақта туып-өскендіктен, ондағы халықтың мұқтаждықтары мен арман-тілегін жақсы білемін. Көздеген мақсаты қойнауындағы байлықты алу ғана болған Кеңес өкіметі кезінде жергілікті халықты жарылқайын деген жоқ. Табиғи заңдылыққа салғанда, тоғыз жолдың торабында тұруы тиіс Ұлытау

өңірі еліміздің қақ ортасында орналасса да, күре жолдардан тысқары қалды. Ал жол дегеніміз ел экономикасының қан тамыры іспетті болғандықтан, халықтың әл-ауқатының артуына тікелей ықпал ететін аса маңызды фактор.

Оның келешектегі тікелей экономикалық пайдасы миллиардтап есептелсе, жанама әлеуметтік ықпалы да одан кем болмайтыны анық. Өйткені, ол еліміздің батысы мен шығысының арасын ғана жалғап қоймай, алып Қытай нарығы мен Еуропаның арасындағы транзиттік жүк тасымалына да қызмет етеді.

Елбасы айтып өткендей, теміржол желісі бірден бірнеше салаға қозғалыс әкеледі. Байтақ даламызға шашырай қоныстанған халықтың бір-біріне барыс-келісі жеңілдейді. Сауда-саттығы жанданады. Түбіне үнілер болсақ, Елбасының Ұлытауда дәл осы мәселеге қатысты сөзі ұлы Абайдың: «Ойдағы ел, қырдағы елмен араласып» деген сөздерімен астасып жатыр.

Нұрсұлтан Әбішұлы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін руханият мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев тойлары әлемдік деңгейде атап өтілді. Ел экономикасының ең қиын жылдарында Шыңғыстауда Абай мен Шәкәрімнің басына зәулім кешен тұрғызылды.

Кеңес заманында М.Әуезовтің 20 томдығы, С.Мұқановтың 16 томдығы, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің 6 томдықтары мен Ғ.Мұстафиннің 4 томдығы жарық көрген болатын. Қазір М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы, 100 томдық «Бабалар сөзі» жарық көрді. Осы заманның ақын-жазушыларының шығармалары алды 10, 15, 20 том болып жарық көруде. Кезінде кітабын шығаруды былай қойғанда, атын атаудың өзіне тыйым салынған ақын-жазушыларымыз түгелдей халқымен қайта табысты. Осының бәрі Елбасының қамқорлығы емес деп кім айтады?!

Теміржолдың салынуына оралар болсақ, Ұлытау өңіріне ғана емес, бүкіл Қазақстанға оң өзгерістер әкеліп, халық тұрмысының жақсаруына септігін тигізетініне күмән жоқ. Елбасының өз сөзімен айтсақ, «Бұл – айта салғанға өте оңай. Ал маңызына келсек, алдағы 50-100 жылда пайдаланатын игілігіміз» болмақ.

Тек ел қамы үшін туған Елбасымыз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болсын деп тілейік.

Едіге ТҮРКЕБАЕВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор:

– Тарихи уақыт деңгейінен қарайтын болсақ, Қазақстан – жас мемлекет. Мемлекетіміздің экономикалық тұрғыдан дамуы Елбасының салиқалы саясатымен жүзеге асырылып келеді.

Бұл орайда, сәл тарихи шегініс жасап, өткен күндерге зер салып, бүгінгі жағдайымызға, қол жеткізген табыстарымызға қарасақ, еліміздің басты қуат күші, күре тамыры, ұлттық экономикалық жүйеміздің даму арнасы сарапшылардың тарапынан жоғары бағаға ие болуда.

Еліміз тәуелсіздігін алғанда Қазақстан өзінің ұлттық валютасы жоқ, қазынасы бос жатқан мемлекет болатын. Елбасымыз әуелі ұлттық теңгені енгізіп, оны аяғына тік тұрғызды. Мемлекеттік алтын-валюта қорын жасады. Әлемдік экономикада жиі орын алып тұратын дағдарыстарға қарсы тұру үшін Ұлттық әл-ауқат қорын құрды. Дәл қазір еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін осы екі қорға 100 миллиард доллардан астам қаражат жинақталған. Халқы 17 миллионнан сәл ғана асатын Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін бұл аса үлкен қаражат және ол Елбасының алысты болжайтын көреген экономикалық саясатының арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Елбасы Ұлытау төріндегі сұхбатында ел экономикасына қатысты өте маңызды жайттарды қозғай келе: «Экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді», деп бір сөзбен түйіндеді. Шын мәнінде, бүгінгі таңда заман талабына сай экономикалық реформаларды сәтті жүргізе алмаған ел дамудың жоғары жетістігіне қол жеткізе алмайды. Саяси-экономикалық тұрғыдан алғанда, елімізде қолға алынған жобалар өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Жүзеге асырылып жатқан индустриялық-инновациялық жобалар ел экономикасын шикізаттан тәуелсіз етіп, экономика саласындағы жаңа бағыттарға бастайды. Сонымен қатар, Қазақстанның Ресей және Беларусь мемлекеттерімен бірлесіп құрған Кеден одағы және Еуразиялық экономикалық одақ ұлттық экономикамыздың дамуына айрықша серпін беретіні анық. Бұл тиімділіктің бір ғана мысалы, үш ел экономикасының жиынтық көлемі 2,2 триллион долларды құрайды. Үш ел шығарған өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі шамамен алғанда 1,5 триллион АҚШ долларына жуықтауда. Ішкі жалпы өнім өсімі де 2030 жылға қарай шамамен 900 миллиард долларға жетеді деп күтілуде. Қазақстан бүгінде бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінде 50-орындағы елге айналғаны сөзсіз қуантады. Мәселен, бизнесті жүргізу жеңілдігі рейтингі бойынша да көрсеткіштеріміз өсті. Жыл сайынғы ІЖӨ көрсеткіші де экономикалық бағытымыздың дұрыс екенін аңғартып тұрғандай. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, тек соңғы 4 жыл ішінде елімізде 1000-ға жуық кәсіпорын, 250-ден астам өнімнің жаңа түрлері пайда болған екен. Қазақстан тауарлары әлемнің 100-ден астам елдеріне экспортталуы отандық кәсіпкерлеріміздің бәсекеге қабілетті бола түскенін көрсетеді. Мұның барлығы жүздеген жаңа инновациялық жобалардың арқасында мүмкін болып отырғаны сөзсіз.

Сөзімді қорытындылай айтқанда, Елбасының Ұлытау төріндегі сұхбатында ауқымды мәселелер туралы әңгіме қозғалды. Ел дамуындағы маңызды істердің барлығы тілге тиек етілді. Ұлытау төрінде өміршен сөздер айтылды. Еліміздің келешегін бекемдеп, болашағына сенімді көзқарас қалыптастырған сұхбат болды.

Төрегелді ШАРМАНОВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы, профессор:

– Ұлытау – мен үшін өте киелі ұғым. Бұл – менің ғана емес, менің бүкіл ата-бабаларыма құтты қоныс болған қасиетті өлке. Ұлым Алмаз Елбасы сұхбат өткізген Әулиебұлақтың маңында туған. Сондықтан «Нұрсұлтан Әбішұлы Ұлытауға барады екен» деген хабарды ести салысымен бір жақсылықты күтіп елеңдеп отырдым. Теледидардан Елбасының бейнесі жарқ ете қалғанда сұхбатты бастан-аяқ, көз аудармай қарап шықтым. Ертенінде газетке шыққан материалды қолыма қалам алып тұрып оқыдым. Несін айтасыздар, бұл өзі ғажап оқиға болды.

Менің бүкіл өмірім Ұлытаумен байланысты. Қайда қызмет істесем де, туған жерімнен жырақтаған емеспін. Ұлытаудың бүкіл тарихы да көз алдымда.

